ИРМ
SINCE 1995
info
№1, (1), наурыз 2022
ИРМ Шымкент • Ерімбетов көш., 302 • +7 771 934 34 34

РМИ қызметінің сапасы шетелдік ЭКО клиникаларынан кем емес
бет 4

ЭКО-ға квота: топ-12 сұрақ пен жауап
бет 7

РМИ Шымкент: сенімді өсу және үлкен сұраныс
бет 9

ИРМ Шымкенттегі біздің алғашқы үшем
бет 11

ИРМ

Ежедневно Институт Репродуктивной Медицины делает уверенные шаги навстречу новым технологиям, чтобы каждая семья в нашей стране имела возможность стать по-настоящему счастливой и полноценной

Приглашаем женщин принять участие в программе:
“СУРРОГАТНОЕ МАТЕРИНСТВО И ДОНОРСТВО ООЦИТОВ”,
а так же мужчин в программе:
“ДОНОРСТВО СПЕРМЫ”

ТРЕБОВАНИЯ К ДОНОРАМ ООЦИТОВ:

-отсутствие выраженных фенотипических проявлений;
-удовлетворительное физическое, психическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключение медицинской организации

ТРЕБОВАНИЯ СУРРОГАТНЫМ МАМАМ:

-возраст от 20 до 35 лет;
-наличие собственного здорового ребенка;
-отсутствие психических соматических и генетических заболеваний;
-удовлетворительное физическое, психическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключение медицинской организации

ТРЕБОВАНИЯ К ДОНОРАМ СПЕРМЫ:

-возраст от 18 до 35 лет;
-отсутствие отклонений в нормальных органометрических и фенотипических признаках;
-удовлетворительное физическое, психологическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключением медицинской организации.

Дополнительную информацию можно получить по телефонам:

irm.kz

050012 Алматы,
ул. Толе би, 99
irm.almaty

050012 Алматы,
ул. Кабанбай батыра, 226
irm.kabanbai

160016 Шымкент,
ул. Еримбетова, 302
irm.shymkent

тел.: +7 727 234 34 34

моб.: +7 771 934 34 34 (WhatsApp)

www.irm.kz

Құрметті біздің оқырмандар, достар!

IRM Info наурыздағы нөмірі – ерекше, өйткені көктем – жаңару кезеңі, махаббат кезеңі, жаңа істер кезеңі. Бұл үміт оты жанатын, көкіректе тұрған тілектер орындалатын, өзіңізге, жақындарыңызға сенетін кез.

Көктемнің алғашқы айында біз барша аруларымызды 8 наурыз Халықаралық мерекесімен құттықтаймыз, ал 22 наурызда бүкіл халық болып Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мейрамын тойлаймыз.

Журналдың осы нөмірі не туралы? Біздің жетістіктеріміз бен жеңістеріміз туралы, РМИ-да көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасы туралы, бір перзентке зар болып, шешімін табар жол іздеп, нәтижесінде РМИ дәрігерлерінің көмегімен үшемнің анасы атанған пациенттеріміздің оқиғасы туралы!

Репродуктивтік медицина мен ҚРТ технологиялары қарқынды дамып, мамандарымыздың кәсіби деңгейі өсіп келеді, сондықтан РМИ-ға келетін әрбір жұптың жүрегінде үміт оты жанады және көп ұзамай олар ата-ана бақытын міндетті түрде сезетін болады.

Әр отбасына шын жүректен бейбіт аспан, мықты денсаулық және амандық тілеймін!

Құрметпен және ең ізгі тілектермен,

Тамара Мұфтахқызы ЖҮСІБАЛИЕВА,
Репродуктивтік медицина институтының директоры

БАС РЕДАКТОР
Тамара Жүсібалиева,
Репродуктивтік медицина
институтының директоры

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОР
Евгения Скалей

ДИЗАЙН, БЕТТЕУ
Кравцева Оксана

МЕНШІК ИЕСІ:
«ИРМ» мекемесі

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
Алматы, Төле би к-сі,

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
Индира Абдикалыкова
(a.indira@irm.kz)
www.irm.kz

«Манхэттен Принт» ЖШС
баспаханасында басылған
ҚР, Алматы қ., Кочин к-сі, 4
Тел.: +7 701 755 00 51
Таралымы – 1 000 дана

Мерзімдік басылымды есепке қою туралы №14607-Г күәлігі 31.10.14 ж. ҚР байланыс және ақпарат агенттігімен берілген.

Редакция авторлардың ойын арқашанда қолдай бермейді. Жарнаманың мазмұны үшін жарнама берушілер жауапты. Жарнама берушілер ҚР ДМ тіркелмеген, рұқсат етілмеген дәрілік құралдардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың жарнамасы үшін жауапкершілік туралы ескертілген. Материалдарды қайта басып шығарғанда "ИРМ INFO" сілтеме жасау міндетті.

РМИ ҚЫЗМЕТІНІҢ САПАСЫ ШЕТЕЛДІК ЭКО КЛИНИКАЛАРЫНАН КЕМ ЕМЕС

ИРМ Шымкент

Репродуктивтік медицина институтында көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасына пациенттер қаншалықты қанағаттанады? РМИ-де барлық пациентке жоғары деңгейде көмек көрсету үшін не істелінеді?

«Статистика көрсетіп отырғандай, тек Қазақстаннан ғана емес, жақын және алыс шетелдерден де клиенттер ағынының үнемі ұлғаюы, ЭКО бағдарламасы бойынша квоталар санының көптігі және, ең бастысы, – РМИ пациенттерінің пікірлері, – мұның бәрі клиникаларымыз медициналық қызмет көрсету сапасы үшін 10 жұлдыздың ішінен 10-ын лайықты түрде ала алады», – деп есептейді Репродуктивтік медицина институтының медициналық директорының орынбасары Людмила Бадельбаева.

Клиника неден басталады? Негізгі кіреберіс есігінен, қабылдау бөлмесінен, менеджерлермен кездесуден және тіркелу бөліміндегі қызмет көрсетуден. РМИ-ге кем дегенде бір рет жүгінген кез келген пациент бір келгеннен-ақ мұнда бәрі жоғары дәрежеде ұйымдастырылғанын айтады. Бүкіл команда әрекетінің үйлесімдігі, мінсіз тазалық, жайлы кабинеттер, клиникаға алғашқы қоңырау шалудан бастап көмек алуға дейінгі тиянақты ойластырылған процестер – тұтастай алғанда РМИ-дегі медициналық қызметтердің жоғары сапада көрсетілетінін бағалауға болатын басты критерийлер.

Бірнеше жыл бұрын Репродуктивтік медицина институтында келушілерге қызмет көрсету стандарттары әзірленген болатын, енді олар РМИ жұмысын бағалайтын пациенттердің бағалары мен тілектерін ескере отырып, уақыт талабына сәйкес үнемі жаңартылып, жетілдіріліп, өзгертіліп отырады.

Денсаулық сақтау министрлігінің талаптарына сәйкес клиникаға кіре берісте пациент Ashyq арқылы тіркеуден өтеді, маска алады, жанасусыз дене қызуы өлшенеді, содан кейін

тікелей тіркелу бөліміне жіберіледі, ол жерде мейірімді, сыпайы әрі қамқор үйлестірушілер тез арада электрондық сауалнама жүргізеді, тек жеке басын куәландыратын құжатты көрсетіп, бірнеше сұраққа жауап берсе, жеткілікті.

Дәрігерге қоңырау шалып, жазылу да ешқандай қиындық тудырмайды. Бұның бірнеше жолы бар: call center (бірінші сигналдан кейін бірден күттірмей жауап беретін моноарналы нөмір), тәулік бойы кеңесшілер жұмыс істейтін РМИ сайты, кез келген адам кез келген сұраққа уақтылы жауап ала алатын әлеуметтік желілер. Клиникалардағы ақпараттық стендтерде барлық қажетті ақпарат: бөлімшелердің, кабинеттердің, жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіз орындардың орналасу схемасы, өрт кезіндегі шығу схемалары орналастырылған.

РМИ-дің барлық филиалдарында пациенттерге қызмет көрсетудің бірыңғай электрондық жүйесі енгізілген және жұмыс істейді: ол нақты адамды емдейтін барлық дәрігерге осы пациенттің ауруы туралы, жүргізілген тексерулер, тапсырылған талдамалар туралы барлық қажетті ақпаратты алуға көмектеседі. Пациентке медициналық картаны алып жүру қажет емес – оның барлық деректері базада бар. Электрондық карталар қағаз нұсқасында да сақталады. Бірыңғай операциялық базаға әрбір манипуляция, әрбір талдау енгізіледі, операцияның қалай өткені, қанша эмбрион алғаны, қаншасы мұздатылғаны және т. б. көрсетіледі. Бөлімшелер арасындағы барлық процестер өзара байланысты, сондықтан қажетті ақпаратты табу өте оңай әрі тез. Одан басқа, бірыңғай база клиниканың ағымдағы жағдайын талдауға, нақты уақытта есеп беруге, қандай процестердің жақсы жүріп жатқанын және қайсысымен қосымша жұмыс істеу керектігін түсінуге көмектесетін қажетті статистикалық деректерді шығаруға мүмкіндік береді.

«РМИ-де пациенттерді қабылдау ережелері нақты жазылған: кезек жоқ, кідірістер жоқ – біз клиенттің уақытын және өз уақытымызды бағалаймыз. Клиника менеджерлері пациенттерге қызмет көрсету ережелерінің сақталуын әрдайым мұқият қадағалайды, ал егер дәрігер тарапынан кідірістер болса, бұл өте сирек кездеседі, онда бәрі сервис менеджерлерінің, тіркеу бөлімі әкімшілерінің көмегімен сол жерде тез арада шешіледі.

Персоналдың пациентке сыпайы және құрметпен қарауы, жеке жұмыс істеу және барлық ем-шараларды кезексіз өту мүмкіндігі – бұл клиникамыздың ұстанымы», – дейді Людмила Бадельбаева. – Одан басқа, бізде пациенттерді тексеру жоспарлары әзірленген. Алғашқы қабылдауда-ақ дәрігер диагноз қоюы керек. Бедеулік – өте күрделі проблема, сондықтан аурудың себептерін бірден түсіну, диагноз қою әжептәуір қиын. Мысалы, емханаға жүкті әйел келгенде, оған болжамды мерзімдер қойылатыны басқа жағдай. Ал клиенттер андрологтарға немесе репродуктологтарға келгенде, бірінші қабылдауда дәрігерлер тек қандай жоспар бойынша тексеру жүргізу керектігін түсініп, бағдарлай алады. Біздің дәрігерлер пациентке қызмет көрсету мен тексеру жоспарларын жасайды, талдама жасауға жолдамалар береді және ең көп дегенде үш айдан кейін ғана біз бедеуліктің себебімен жұмыс істеуді бастауымыз керек».

РМИ-де арнайы ішкі комиссия құрылған, ол қабылдау уақытынан бастап терапия нәтижесіне дейін пациенттерге қызмет көрсетуді мұқият қадағалайды. Әрбір ем-шарада, клиенттермен де, ұжым ішінде де өзара әрекет етудің әр процесінде клиникада дербес әзірленетін өз регламенттері мен ережелері бар. Олардың негізінде, әрине, Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрықтары жатыр. Бұл өте үлкен

Оперативті гинекология және урология командасы

және айтарлықтай қиын жұмыс, өйткені РМИ жоғары технологиялық және өте күрделі медициналық қызметтерді ұсынады.

- Одан басқа, біз әрқашан да өз пациенттерімізбен байланыста боламыз. Сауалнамалар өткіземіз, РМИ дәрігерлері мен барлық медициналық қызметкерлерінің қаншалықты сапалы жұмыс істейтінін түсіну үшін сауалнамаларды толтыруды сұраймыз. Ковидке дейінгі уақытта бізде барлық болашақ ата-аналарға арналған ЭКО бойынша мектеп жұмыс істеген. Апта сайын қазақ және орыс тілдерінде тақырыптық сабақтар өткізілген. Қазір біз бұл мектепті онлайн режимге ауыстырдық – Инстаграмдағы сайтта тікелей эфирлер өткіземіз, пациенттердің сұрақтарына жауап береміз, болашақ аналар мен әкелерге сабақ өткіземіз.

Бізде өзекті ақпарат жарияланатын РМИ сайты бар, сол жерде кері байланыс та қарастырылған: пациенттер сұрақтар қоя алады, ал дәрігерлер жауап бере алады. Одан басқа, біз пациенттердің проблемалары талқыланатын, мән-жайы түсіндірілетін мақалалар жарияланатын форум құрдық.

Офлайн режимінде өз жұмысымыздың сапасын апта сайынғы жоспарламада талдаймыз, оған әкімшілік мәселелер, ұсыныстар және т. б. шығарылады. Әр аптаның соңында ЭКО бөлімшесінде біз барлық репродуктологтар, андрологтар мен эмбриологтар қатысатын дәрігерлік кеңестер өткіземіз. Онда біз дәрігерлік тәжірибеден алынған бірегей жағдайларды талдаймыз, проблемалар мен шешімдерді бірлесіп шешеміз. Одан басқа, біз консилиумдар жинап, қиын пациенттерге байланысты жағдайларды талдаймыз, қандай жағдайда қандай шешімдер қабылдау керектігін шешеміз. Бізде үнемі емдеу жұмыстарына мониторинг жүргізіледі. Әлемнің әр түрлі елінен келген пациенттердің үлкен ағымына және олардың Репродуктивтік медицина институтына жүгінуіне байланысты бізге жоғары білікті мамандар қажет. Сондықтан біз дәрігерлерді тартамыз, оларды қайта оқытамыз, жаңа мамандарға РМИ-де жұмыс істеуге тез бейімделуге, клиниканың жоғары стандарттарын мұқият қадағалай отырып, өз жұмысын дұрыс ұйымдастыруға көмектесетін кураторларымыз бар.

Оған қоса, РМИ базасында жас дәрігерлер үшін баға жетпес тәжірибе мен білім алатын кафедра ашылды. Әрбір дәрігер үнемі оқу, іздену үстінде болып, өз жұмысына және аса тәжірибелі дәрігерлердің жұмысына талдау жасауы тиіс. Бізде үлкен және қатаң мектеп бар, оның мақсаты – сапалы оқыту және өз білімін тәжірибеде қолдана білу. Бізде қателіктерге жол берілмейді, өйткені біз алдымызға келген әр адамның денсаулығы үшін мойнымызға үлкен жауапкершілік аламыз.

РМИ басынан бастап-ақ алдына биік мақсаттар қойған. ҚР Денсаулық сақтау Министрлігінің ұлттық аккредиттеу мен сараптамалық қорытындылау нәтижелері бойынша Репродуктивтік медицина институты медициналық қызмет көрсету сапасы бойынша «Жоғары санатты клиника» мәртебесін үш рет алды. Соның басты дәлелі – ұзақ жылдар бойы бедеуліктен кейін ақырында ата-ана атанған бақытты пациенттер. Демек, біз барлығын дұрыс істейміз!

ЭКО-ҒА КВОТА: ТОП-12 СҰРАҚ ПЕН ЖАУАП

Экстракорпоралды ұрықтандыру жасауға квотаны қалай алуға болады? Қандай құжаттар қажет? Кімдерге емшара жасаудан бас тартылуы мүмкін? Осы және басқа да ең көп тараған сұрақтарға РМИ Шымкент клиникасының медицина директоры, репродуктолог-дәрігер, Диана Талғатқызы Есіркепова жауап береді.

Диана Талгатовна Есиркепова
ИРМ Шымкент медициналық директоры, репродуктолог дәрігер

1. КВОТА БОЙЫНША ЭКО-ҒА КІМДЕР ҮМІТТЕНЕ АЛАДЫ?

Ресми түрде жұмысқа орналасқан, ай сайын мемлекетпен белгіленген салықтардың бәрін төлеп отырған және «Бедеулік» диагнозы қойылған кезде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруы (МӘМС) бар отбасылық жұптардың бәрі, ҚР азаматтары, сондай-ақ тұруға ықтиярхаты бар және Қазақстанда тұратын азаматтар квота бойынша ЭКО жасата алады.

Бір жыл бойы контрацепция қолданбай, тұрақты жыныстық қатынаста болған жұптар жүктіліке қол жеткізе алмаса, «бедеулік» диагнозы қойылады. Ал 35 жастан асқан жұптарға қатысты мерзім 6 ай болып саналады.

2. ЭКО-ҒА КВОТА АЛУ ҮШІН МІНДЕТТІ ТҮРДЕ НЕКЕДЕ БОЛУ КЕРЕК ПЕ?

Жоқ, міндетті емес. Азаматтық некедегі отбасылық жұптар да квота ала алады. Жалғыз шарт – жұптардың екеуі де нотариуста өздерінің ресми түрде некеде тұрмайтынын растайтын құжатты куәландыруы тиіс. Заңгерде жұптың екеуі де болашақ балалары үшін жауапты болатыны туралы құжатқа қол қоюы керек.

3. КВОТА БОЙЫНША ЭКО-НЫ ҚАЛАЙ АЛАДЫ ЖӘНЕ ОЛ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Бірінші қадам – пациенттердің өздері таңдайтын ЭКО орталығынан хаттама алу. Мақаламыздың мәнмәтініне сәйкес – РМИ клиникасынан. Ол үшін ерлі-зайыптылар репродуктологтан консультация алуы тиіс.

Тексеру кезінде дәрігер хаттама алу үшін негізгі шарттарға назар аударады. Егер пациент осы шарттарға сәйкес болса («Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 ж. 27 сәуірдегі № 272 бұйрығына сәйкес), онда біз квота бойынша ЭКО жасауға хаттама береміз.

Әрі қарай пациент хаттамамен өз емханасына барады, ол жерде оны квота алуға кезекке қояды. Кезегі келгенде пациентке хабарлауы тиіс, сосын ол ЭКО-ға жіберіледі. Ауруханаға жатқызу алдында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың бар-жоғы міндетті түрде тексеріледі. Медициналық сақтандыру міндетті түрде төленген болуы тиіс.

4. РМИ КЛИНИКАСЫНДА ХАТТАМА АЛУДЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТТАРЫ ҚАНДАЙ?

Репродуктолог пациенттің барлық деректеріне талдау жасайды (анамнез, талдамалар), ультрадыбыстық зерттеу жасайды. Дәрігер гормондарға, атап айтқанда: ФСГ (оның деңгейі 12-ден аз болуы тиіс), АМГ (деңгейі – бірден аз болмауы тиіс), сондай-ақ антральды фолликулдардың санына (бір немесе екі аналық безде кемінде алты данасы болуы тиіс) назар аударады. Бұған қоса, пациенттің қолында жатыр түтіктері өтімділігінің рентгені болғаны дұрыс. Сондай-ақ дәрігер күйеуінің (серігінің) спермограммасына және оның көрсеткіштеріне (спермограммада Б класының белсенділігі кемінде 5 процент және морфологиясы бір проценттен жоғары болуы тиіс) назар аударады.

5. КВОТА БОЙЫНША ЭКО-ҒА ЖАС ШЕКТЕУЛЕРІ БАР МА?

2021 жылы мұндай шектеулер болмады. Биыл да ЭКО-ға іріктеу үшін жас шектеулері жоқ, бірақ хаттама алу үшін пациент жоғарыда аталған талаптарға міндетті түрде сәйкес келуі тиіс.

6. КВОТА БОЙЫНША ЭКО-ҒА ЕРЛЕР ФАКТОРЫ БОЙЫНША КҮЙЕУІНЕ «АЗООСПЕРМИЯ» ДИАГНОЗЫ ҚОЙЫЛҒАН ОТБАСЫЛЫҚ ЖҰП ҮМІТКЕР БОЛА АЛА МА?

Азооспермия — шәуетте аталық жасушалардың болмауы. Аурудың екі түрі бар: обструктивті және обструктивті емес. Азооспермияның обструктивті түрі шәует шығаратын жолдардың түрлі себептерден бітеліп қалуына (обструкция) байланысты. Обструктивті емес түрі сперматогенез процестерінің бұзылу себебінен туындайды.

Нақты диагноз қойып, азооспермияның қандай түрі екенін анықтау үшін атабез биопсиясын жасау керек, оны урологтар жасайды. Содан кейін дәрігерлер квота бойынша ЭКО-ға хаттама береді. Обструктивті емес болса, отбасылық жұптар квота бойынша ЭКО-ға үміттене алмайды, себебі ЭКО бағдарламасын жасау үшін биологиялық материал (шәует) жоқ.

7. ЕГЕР ӘЙЕЛДІҢ КҮЙЕУІ НЕМЕСЕ ЖЫНЫСТЫҚ СЕРІГІ БОЛМАСА, ОНЫҢ ЭКО-ҒА КВОТА АЛУЫНА БОЛА МА?

Иә, болады, тек «бедеулік» диагнозы расталған болуы тиіс. ЭКО бағдарламасын жасаған кезде әйел донорлық шәуетті алады (бұл ретте пациент биоматериалды өз қаражаты есебінен сатып алады), сосын біз МӘМС аясында ЭКО жасаймыз.

8. ЕГЕР ӘЙЕЛДІҢ ХАТТАМАСЫ БАСҚА КЛИНИКАДАН АЛЫНҒАН БОЛСА, ОЛ КВОТА БОЙЫНША РМИ-ДА ЭКО ЖАСАТА АЛА МА?

Пациент Қазақстанның кез келген орталығында ЭКО бағдарламасын жасатуға толық құқылы. Біздің орталықта ЭКО жасату үшін ол қолындағы хаттамасын біздің клиникада растатуы керек. Растатқан соң, квотамен филиалдарымыздың біріне келе алады.

9. КВОТА БОЙЫНША ЭКО ЖАСАТУҒА БАЛА САНЫ МАҢЫЗДЫ МА?

Жоқ, маңызды емес. Сіз квотаға үміткер болуға құқылысыз.

10. КВОТА БОЙЫНША ЭКО БАҒДАРЛАМАСЫ НЕНІ ҚАМТИДЫ?

Квота бойынша бағдарламаға ЭКО-ның өзі, оған қоса қажет болса ИКСИ (көбінесе ерлер факторында тағайындалады) жасалады. Сондай-ақ бағдарламаға пациенттің суперовуляциясын ынталандыру үшін пайдаланатын препараттар қосылған. Осының бәрі мемлекет есебінен тегін жасалады. Басқа емшаралардың бәрі, мысалы, ПИКСИ, қосымша әрекеттер (эмбриондарды тоңазыту, жібіту, егер бұл мерзімі ұзартылған көшіріп салу болмаса) ақылы негізде жасалады.

11. ЭКО БАҒДАРЛАМАСЫНДА ДОНОРЛЫҚ ЖАСУШАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУҒА БОЛА МА?

Иә, ынталандыру кезінде пациенттің алып жатқан гормондық препараттарға реакциясы болмаған жағдайда болады. Мұндайда әйел өз қаражаты есебінен донорлық ооциттерді алуына болады.

12. ЕГЕР, МЫСАЛЫ, БАҒДАРЛАМА СӘТСІЗ БОЛЫП ШЫҚСА, ҚАНША УАҚЫТТАН КЕЙІН ЭКО КВОТАСЫНА ҚАЙТА ӨТІНІМ БЕРУГЕ БОЛАДЫ?

Пациенттер квота бойынша ЭКО жасатуға жылына бір рет үміткер болуға құқылы.

Қорыта келе, егер сізде РМИ хаттамасы бар болса, кез келген үш клиниканың бірінде (екі филиал Алматыда және тағы біреуі Шымкентте) квота бойынша ЭКО жасата аласыз дегіміз келеді.

Деніңіз сау болсын және аңсаған арманыңыз – ана болу арманыңыз орындалсын деп тілейміз!

РМИ ШЫМКЕНТ: СЕНІМДІ ӨСУ ЖӘНЕ ҮЛКЕН СҰРАНЫС

Жыл сайын Репродуктивтік медицина институтында дәрігерлердің бүкіл көрсетілген қызметтері бойынша жылдық есептері тыңдалады. РМИ Шымкент клиникасының медициналық директоры Диана Талғатқызы Есіркепова ИРМ INFO журналына оңтүстік филиалдың жұмысы, оның қызметінің нәтижелері мен жетістіктері туралы айтып берді.

РМИ Шымкент 26 жыл бұрын Алматыда құрылған Репродуктивтік медицина институтының филиалы болып табылады. Шымкенттік клиника өз есігін 2020 жылғы наурызда, короновирус локдауны кезінде ашқан болатын. Карантиндік шектеулерге қарамастан, филиалдың жұмысын ретке келтіре алдық және қазіргі таңда пациенттер клиникамызға сенім артатынын сенімді түрде айта аламыз, оған статистикамыз да дәлел.

Егер 2020 жылы шамамен 9 000 пациентті қабылдасақ, 2020–2022 жылдары біздің орталыққа (басқа мамандарды қоспағанда, репродуктологтар мен гинекологтарға) 25 000 адам қаралды. Бүкіл дәрігерлер бойынша жалпы бір жыл ішіндегі келушілер саны шамамен 35 000 адам болды.

БӨЛІМШЕЛЕР

Біздің орталықта жұмыс өтілі мол, жоғары санатты бес репродуктолог-дәрігер еңбек етеді. Консультация бөлімшесін қоспағанда, филиалда хирургиялық блок бар, ол жерде гинекологиялық операциялардың барлық түрін жасайтын гинеколог-дәрігерлер мен анестезиолог жұмыс істейді.

Шымкент РМИ-да ерлер белсіздігі проблемасын шешумен және емдеумен урологиялық операцияның барлық түрін білетін және ерлердің жыныстық мүшелеріне реконструктивтік-пластикалық операция жасайтын урологтар айналысады.

Біздің орталықта жүктілікке пренаталды диагностика жасайтын ультрадыбыстық диагностика дәрігерлері жұмыс істейді. Клиникамыздың жүрегі – жаңа өмір пайда болатын эмбриология бөлімшесі.

Дәрігерлеріміз Қазақстанда да, шет елдерде де білім алып, біліктілігін арттыруда, жыл сайын халықаралық симпозиумдар мен конгресстерге қатысады.

Нуртаева Жансулу Аманбаевна, ИРМ Шымкент эмбриологы

ЖАБДЫҚ

Біздің орталық бүгінгі таңдағы ең заманауи жоғары технологиялық жабдықпен қамтамасыз етілген, ол әлем бойынша үздік ЭКО клиникаларында қолданылады.

Бұған қоса, біздің филиалда ерлер белсіздігінің ауыр түрі мен азооспермия кезінде хирургиялық ота жасауға арналған бірегей микроскоп орнатылған. Осының арқасында урологтар ерлерге әке атануға көмектесе алады, бұрын бұндай мүмкіндік болмаған еді.

ЕРЛЕР ФАКТОРЫ МЕН ЖАС ЕРЕКШЕЛІК ДЕРЕКТЕРІ

Есеп негізінде қауіпті беталыс анықталды – бедеуліктің себебі ерлер факторында жатқан жұптар саны артып келеді. Ол біздің орталықтағы бүкіл ЭКО бағдарламаларының 1/3 себебін алып отыр десек жаңылмаймыз және белсіздік себебінің жартысы дерлік қосарлас фактордан (ауру екеуінде де анықталған жағдай) туындайды.

Сондай-ақ пациенттердің жас ерекшелік статистикасын да бақыладық. Өкінішке орай, бедеулік проблемаларымен 24 жасқа дейінгі жастардың жүгіне бастағаны да жиілеп кетті.

ГЕОГРАФИЯ

Есеп көрсеткендей, шымкенттік филиалға оңтүстік аймақтан ғана емес, бүкіл Қазақстаннан да емделушілер келіп қаралады. Бізге БҚО және ШҚО, Қызылорда, Маңғыстау мен Өскеменнен де келеді. Географиямыз Қазақстанды ғана қамтымайды: бізде Ресей, Украина, Түркия, Тәжікстан, Қырғызстандық пациенттер де ЭКО бағдарламасын жасатты. Осы елдердің ішінен біздің орталыққа Өзбекстаннан келіп жатқан пациенттер көп.

ДИНАМИКА

2020 жылмен салыстырғанда филиалымызға келушілер саны 3 есе, ЭКО-бағдарламаларының саны 4 есе, репродуктологтардың қабылдауы 2 есе өсті. Статистикалық деректерге сүйенсек, ақылы ЭКО-бағдарламалардың да саны әжептәуір өсті.

ТИІМДІЛІК

Шымкент РМИ перзент сүюді күтіп жүрген және дәрігерлеріміздің жұмысының арқасында балалы болған пациенттердің оң нәтижесінің көптігімен мақтана алады. Есептік жылда біздің орталықтың тиімділігі 55%-тен асты. Біздің орталық жұмыс істеп жатқалы бізде 140 бала дүниеге келді (ағымдағы кезеңдегі жүкті әйелдердің санын қоспағанда).

Есеп көрсетіп отырғандай, Шымкент РМИ қызметінің нәтижелерін сенімді түрде жоғары нәтиже деп бағалауға болады. Біз бұдан кейін де бағдарламалардың тиімділігін арттырып, көрсетілетін медициналық қызмет сапасын жақсарту жолында еңбек ететін боламыз, сондағы мақсатымыз – пациенттеріміздің саулығы мен басты мақсаттарының – ата-ана болу армандарының орындалуы.

ДИНАРА МҰХИТОВА: «АНА БОЛУ – КЕРЕМЕТ СЕЗІМ!»

Бедеулік – жанға қатты бататын жағдай. Бұл ерлі-зайыптылар үшін, әсіресе әйел адам үшін қауіпті күйзеліс. Динара мен Сардор Мұхитовтар РМИ-дің Шымкент филиалына барғанша тұңғыштарының дүниеге келгенін ұзақ әрі азапты жеті жыл бойы күтті.

- ДИНАРА, СӘБИЛЕРІҢІЗ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕНГЕ ДЕЙІНГІ ЖАҒДАЙДЫ БАЯНДАП БЕРІҢІЗШІ. ҚАНША ЖЫЛ ЖӘНЕ ҚАЙ ЖЕРДЕ ЕМДЕЛДІҢІЗ?

- Неше түрлі клиникалар мен әртүрлі дәрігерлерге қаралып, тұрақты емделуіме қарамастан, жеті жыл бойы бала көтере алмадым. Біз Түркістанда болдық, күйеуіміз екеуміз Ташкентке бардық. Дәрігерлердің бәрі үміт үзбей, шыдамдылық танытып, күтуіміз керектігін, бәрі жақсы болатынын айтумен болды. Осылайша, ғажайыпты күтумен жеті жылымызды да жоғалтып алдық.

Әр ай сайын жүктілікке тексеретін тесттер сатып алып отырдым, ай сайын тест тек бір жолақты ғана көрсетумен болды. Әркез сәтсіздікке ұрыну – өте ауыр психологиялық күй. Бар арманым бір ғана тілек еді – өз баламды құшағыма алу. Жүрегімнің түбінде ерте ме, кеш пе ана атанатыныма, осы проблеманың көп ұзамай міндетті түрде шешілетініне үміттендім. Сенім мен үміт өмірімнің осы қиын кезеңіне шыдауыма қатты көмектесті.

- ОСЫ ЖЫЛДАР БОЙЫ КІМ КӨМЕКТЕСІП, ҚОЛДАУ КӨРСЕТТІ?

- Бедеулік – отбасылық қарым-қатынасқа жақсы сынақ. Қуанышыма орай, осы жеті жыл ішінде күйеуім де, енем де, өзге туыстарым да сөзбен немесе көзқараспен болсын, мені ешқашан айыптаған емес, керісінше қолдау көрсетті. Күйеуім әрдайым, күн сайын «бәрі де бір Құдайдың қолында және ол бізді қиындықта тастап кетпейді» деп маған үміт сыйлаумен

болды. Осындай ойлар өмірімнің аңырап бос тұрған орнын толтырып, болашаққа сеніммен қарауға көмектесті.

- РМИ-ҒА ЖҮГІНУГЕ КІМ КЕҢЕС БЕРДІ?

- Туысыммен Instagram жаңалықтарын қарап отырып, Шымкентте РМИ клиникасының филиалы ашылғанын көріп қалдық. Сол кезде туысым репродуктолог-дәрігер Диана Талғатқызы Есіркепованың қабылдауына жазылуға кеңес берді, дәрігер бізде міндетті түрде бәрі жақсы болады деп бірден үміт пен сенім ұялатты. Дәл солай болды! ҚРТ емшарасынан кейінгі келесі айда мен жүкті болдым.

- ТЕСТТЕН ЕКІ ЖОЛАҚТЫ КӨРГЕН КҮН ЕСІҢІЗДЕ МЕ? НЕ СЕЗДІҢІЗ?

- Емшарадан кейін екі аптадан соң мен жүктілікке тест жасадым, ол бірден екі жолақты көрсетті. Басында өз көзіме өзім сенбей, қуаныштан жылап жібердім, күйеуім екеуіміз ақыры арманымызға жеткенімізге сенбедік. Сосын хорионды гонадотропинге (ХГЧ) қан тапсырдым – оның нәтижесі жоғары болды, бұл да жүктіліктің басталғанының тағы бір дәлелі. Ал УДЗ зерттеуінде сіздерде егіз болады деп тіпті таңқалдырды! Бұл түсім емес, өңім екенін түсіну үшін дәрігерден бірнеше рет қайталап сұрадым, сөйтіп тағы жыладым, бұл жолы қуаныштың көз жасы болды! Бір аптадан соң балалардың жүрек қағысын тексеру үшін тағы УДЗ жасаттым, сол кезде мені тағы таңқалдырды – зерттеу үш жүректің соғып тұрғанын көрсетті. Бұл шок болды! Осындай күтпеген жаңалықты айту үшін күйеуіме қоңырау шалдым, ол ешнәрсе айта алмай қалды. Одан: «Неге үндемейсің?» – деп сұрасам, ол мені қалжыңдап тұр екен деп ойлапты, сол күйі ұзақ уақытқа дейін сене алмады.

2 фолликула жетіліп, бір эмбрион екіге бөлінген екен, осылайша құрсағымда үш жүрек соға бастады! Сәбилер жеті айдан соң дүниеге келді, дендері сау, мықты, осы көктемде бір жастарын атап өтетін боламыз.

- ТАҒЫ ДА БАЛАЛЫ БОЛҒЫҢЫЗ КЕЛЕ МЕ?

- Иә, әрине. Үшемдер өскен соң, күйеуім екеуіміз өзімізге жақын адамдай болып кеткен, бізге ата-ана бақытын сыйлаған Диана Талғатқызына қайта баратын боламыз.

- СӘБИЛІ БОЛУ ЖОЛЫНДА ҰЗАҚ КҮТКЕН, БІРАҚ ӘЛІ НӘТИЖЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗБЕГЕНДЕРГЕ ҚАНДАЙ КЕҢЕС БЕРЕР ЕДІҢІЗ?

- Бәрі жақсы болатынына міндетті түрде сену керек. Сынақ бізге сүрінбей өтуіміз үшін жоғарыдан беріледі. Әр әйел ана болуға лайықты. Сәбилі болу жолының басында тұрған әйелдердің бәріне уақытты созбай, бірден нағыз кәсіпқойларға – Репродуктивті медицина институтының дәрігерлеріне қаралуға кеңес беремін. Бастысы, дәрігеріңізге сеніңіз, онымен уайымдарыңызбен, сұрақтарыңызбен бөлісіңіз, сонда тілегіңіз міндетті түрде орындалады! Ана болу – керемет, ерекше сезім. Қазір балалар болмаса, қалай өмір сүрер едік дегенді елестете де алмаймын.

РМИ клиникасының басшылығына Шымкент қаласында филиал ашу идеясы үшін, олардың еңбегі, бедеу ерлі-зайыптыларға сыйлайтын бақыттары үшін шын ниетпен және шын жүректен алғыс айтамыз! РМИ ұжымына тағзым етемін, сіздерге денсаулық пен бар жақсылық тілеймін!